

Райымхан К.Н.

МУЗЕЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Райымхан К.Н.

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПОНЯТИЯ НАУКИ МУЗЕЕВЕДЕНИЯ

УДК:069.5:902/904](574)

В статье рассматриваются современные проблемы музейной терминологии, вопросы теоретического изучения и применения терминов в музейной сфере.

This article examines the actual problems of museum terminology, questions of theoretical studying and applications of terms in museum sphere.

Қазіргі кезеңдегі білім мен ғылымның дамуы терминологиялық мәселелерге аса қатты көңіл бөлуді қажет етеді. Кәсіби тілді жетілдіру қалыптасып келе жатқан музейтану ғылымының бүгінгі өзекті мәселелерінің біріне жатады. Категориялық аппараттың болуы музейтану ғылымының танымдық деңгейін, сипатын, ғылыми жетістіктерінің көрсеткіші. Қалыптасқан ғылыми тіл ғылыми пәннің кемелденгендігін анықтаса, ұғымдық категориялардың (санатының) қалыптасуы ғылыми бағыттардың даму тарихын көрсетеді/1/.

Ресейлік музейтанушы М.Каулен «точно проартикулированный, проинтонированный термин как пограничный знак в деревности встает именно там, где он необходим, где наиболее точно раскрываются его значение и смысл» деп атаулар мен ұғымдардың ғылыми маңыздылығын атап өтеді.

Музей тілінің (музей лексикасы) бір жүйеге келуін саралау үшін музейтану ғылымының категориялық аппаратының даму тарихына назар аударуға тура келеді. Заман талабына, қоғамдық құбылыстар мен үдерістердің өзгерістеріне қарай, музей қызметінің зерттеу не қызмет нысанының «жоғалуынан» немесе қажеттілігінің жоқтығынан музейлік атаулар мен ұғымдар да қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Оған музейдің «ағартушылық қызметі» ұғымының орнына «мәдени-білім қызметі» ұғымының бүгінгі күні басымды орныққаны дәлел.

Қазіргі музейтану ісінде қолданылып жүрген терминдердің көбі XX ғасырдан бастау алады. Музей ісіндегі негізгі ұғымдардың бірі-экскурсия (одан бұрын «ғылыми қыдырыс»-«научная прогулка» деп аталып келген) атауының өзі кеңестік музейлер тарихында XIX ғасырдың

соңында пайда болса, осы уақытта музей жинағы қор мен экспозицияға бөліне бастады/1;2/.

Қазіргі таңдағы терминологиялық мәселелердің қиындық тудыру себептері кеңестік дәуір кезіндегі музей ісінің бір орталықтан бағындырылғаны, отандық музейлік құжаттардың тек орыс тілінде жүргізіліп келгенімен де тығыз байланысты.

Ресейдің өзінде музейлік терминологияның негізгі ұғымдары XX ғасырда қалыптасты. Ал оның ары қарай ғылыми түрде жетілуіне тосқауыл болған кеңестік кезеңге тән идеологиялық «соғыстар», халықаралық тәжірибелердің саяси тұрғыдан шектелуі Ресейдің, сонымен бірге Ресей музейлерінің нақты «көшірмесі» ретінде отандық музейлердің де ғылыми терминологиялық аппаратының әлсіз дамуына әкеп соқты.

Терминдер жүйесінің мән-мағынасын оқытатын, талдайтын және кеңінен пайдалануға бейімдейтін бірден - бір салаға білім беру, оқыту жатады. Білім беру жүйесі кез-келген ғылыми саланың, пәннің ұғымдық аппаратының түсінікті, анық және нақты болғанын қатаң талап етеді, сонымен бірге ол атаулар мен ұғымдар белгілі бір заңдық-құқықтық құжаттарға, заңдарға, ережелерге сүйене отырып айналымда жүруі шарт. Тағы бір маңызды мәселе - кез-келген атаудың сол кезеңге лайық ғылыми категориялық статусының қалыптасуы.

Музей ісінің құқықтық реттелуі де ғылыми категориялық аппараттың нақтылану және қолдану талабына әсер етеді. Заңдар мен заңдық-құқықтық құжаттар негізгі ұғымдарды белгілі бір талапқа сай реттеп және және заңға ендірілген негізгі ұғымдардың мазмұнын да анықтайды/3/. Бұл орайда Ресей Федерациясында 1996 жылы қабылданған «Ресей Федерациясының музей қоры және Ресей Федерациясындағы музейлер» атты заңының 3 бабында мәдени құндылықтар, музей заты, музей коллекциясы, музей қоры, музей, сақтау, жариялау сияқты негізгі атауларға анықтамалар беріліп, тіпті мәдени құндылықтар атауы РФ "О вывозе и ввозе культурных ценностей", яғни мемлекеттегі мәдени құндылықтарды шығару мен енгізу заңының

талаптарына және мазмұнына сүйене отырып берілген/4/.

Заңдық тұрғыдан музей саласын қамтыған бірден-бір заң Қазақстан республикасының «Мәдениет туралы заңы» ғана болып отыр. Осы заңның талаптарына сай жасалған ережелер музей ісінің дамуына, музей заттарының заңдық жағынан қорғалуы мен сақталуына жағдай жасауда. Алайда ҚР музей мекемелері үшін «Музей туралы заңның» орны бөлек, ондай заң зерттеу, сақтау, қорғау қызметінде мол мүмкіндіктер ашып, осы заң аясында музей қызметкерінің статусының міндеттері мен құқықтарын да жан-жақты анықтар еді.

Болашақ музей мамандарын оқытуда музейтану ғылымының теориялық және практикалық ісінде терминологиялық мәселелер бар екені белгілі.

Қазақстанда музейтану ғылымы мен оның теориялық-практикалық мәселелері болашақ музейтанушылар үшін аса маңызды мәселе. Отандық жоғары білім беру саласында «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша бакалавр және магистратура бөлімдерінде мамандар даярланғанына көп бола қойған жоқ. Бұл мамандықтар бойынша білім беру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартына сүйене отырып оқытылады. Білім беру стандарты да белгілі бір дәрежеде мамандыққа байланысты қолданылатын терминологиялық атауларды қалыптастырады. Музейлік тәжірибеде және музей ғылымында базалық болып табылатын ұғымдар мен атаулар жиынтығы бар. Оған музей, музейтану, музей ісі, музей заты, музейлік экспонат, экспозиция, көрме, музейлік құндылық, музейлік коллекция, қор, қор сақтау сияқты атаулар жатады дедік. Ең бірінші «музей» деген атауға тоқталатын болсақ, біздің еліміздегі жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты бойынша қазақша баламасында да «музей» атауы сол қалпында ұсынылды. Алайда көптеген басылымдарда, ғылыми-методикалық еңбектерде «мұражай» деп аталып жүр. Біздіңше «музей» атауы шет тілінен енген сөз болғандықтан, «мұражай» деп аудару міндетті емес сияқты. Соңғы кезде «музей жәдігері» деген әдемі ұғымды жиі қолданып жүрміз. Алайда «жәдігер» деген атау экспонатқа ма, жоқ музей затына лайық па деген сұрақ туындайды.

Н. Ыбрай «Музейлік терминдер» атты көмекші құралында музейтану мен музей ісіне қатысты кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін молынан қамтылған/5/. Әрине, бұл сөздік музейге байланысты қазақшаланған алғашқы басылым және ол мамандар үшін аса қажет. Алайда, бұл атаусөздерде мазмұндық жағынан түсініксіз, аудармасы жағынан кеткен ақауы ма белгісіз ұғымдар анықтамасы кездеседі. Мысалы:

музейлік құндылығы бар затқа қатысты «... бірақ музей жинағына кірмейтін музейлік құндылығы бар зат» делінген. Егер заттың музейлік құндылығы бар болса, ол зат неге музей заты емес, табылған болашақ музей заттарын статус алғанға дейін не кейін деп бөлу музейтанудан хабары аз оқырманды адастырмай ма? Ал «бас каталог» деген атаудың мазмұны «ғылыми топтастыру үлгісіне сәйкес музей жинағының құрамы мен мазмұнын ең толық ашатын музей заттарының белгілі тәртіппен жасалған тізімі» делінген. Бұл анықтамада «каталог» музей заттарының қарапайым тізімі деңгейінде ғана түсінік қалыптастыратын, музейлік каталогтың мән-маңызын толық аша алмаған сияқты. Музей каталогына қатысты Ресей Федерациясының 1998-жылы 12 ақпанда қабылданған «О Государственном каталоге музейного фонда РФ» ережесінде «Мемлекеттік каталог» деген ұғым ендірілген және ол «Государственный каталог представляет собой электронную базу данных, содержащую основные сведения о каждом музейном предмете и каждой музейной коллекции, включенных в состав музейного фонда РФ» деп түсіндіріледі/6/. Жоғарыдағы аталған сөздікте музейлік заттарды консервациялаудың қазақшасы «тұмшалау» деп берілген. Бұл анықтамамен көптеген ғалымдар, әсіресе археолог ғалымдар тарапынан келіспеушілік байқалады. Болашақта осындай сөздіктердің саны да сапасы да жоғарлауы және ғылыми кеңістікте келісімділік, бірізділік орнауы шарт сияқты. Музейлік ұғымдар мен атаулардың, соның ішінде қазақша атаулар мен ұғымдардың дұрыс қалыптаспай жатуына еліміздегі музей туралы заң, музей қоры, музей каталогы туралы заңдардың қабылданбауы да себепші болуда.

Музейлік білім және ғылым кеңістігінде музей тілін жетілдіруде, ұғымдық аппаратты қазіргі заман талабына сай бірыңғай жүйе, бірізділікке салу аса өзекті мәселе екені сөзсіз. Бұл орайда Ресейде 1974-86 жылдары жарық көрген «Терминологический словарь» мен 2001 жылы жарық көрген «Российская музейная энциклопедия» сияқты басылымдар музейлік терминология мәселелерін шешуге маңызды үлес қосуда. Соңғы кезде музейтанудың ұғымдық-терминологиялық аппаратын кеңейту, ескірген ұғымдарды нақтылау, өзгерту, қайта қарау мақсатымен Ресейде «Словарь актуальных музейных терминов» (180 атау) жарық көрді. Сөздік музей ісінің бағыттарына, тарихына, классификациясына (сыныпталуына), музеефикацияға, реставрация мен консервация, коллекция жинау ісіне, музейлік құқық саласына қатысты атаулар мен ұғымдар жиынтығын қамтыған.

Терминологиялық сөздікті даярлау барысында ғалымдар тарапынан кез-келген атау,

ұғым, түсініктердің этимологиясы, қалыптасуы, өзгерістері, қазіргі ғылым мен білімге ендірілуі, өзгеруі, халықаралық қолданысы т.с.с контексте зерттеліп, зерделеніп айналымға түсетіні белгілі, сол себепті музейлік атаулар мен ұғымдар музей ісі мен музей затының тарихнамасын зерттеуге де ықпал ететіні сөзсіз.

Ұғым-зерттеушілердің тәжірибелік-эмпирикалық және ғылыми-танымдық іс-әрекеттерінің барысында қалыптасқан, зерттеудегі объектер мен құбылыстардың мәні мен ерекше белгілерін тұтас және жалпылама ашатын ойлау формасы болса, терминдер сол ұғымның сөздік, табиғи тілдік аталуы/7/.

Соңғы кездерде музей саласына қатысты терминдердің мазмұны, статусы басқа ғылыми салалармен тығыз байланыста дамуды. Оған мысал, соңғы кезде жиі айтыла бастаған музейлік деректану, музейлік этнография, музейлік антропология, музейлік археология және осы ғылыми салаларға байланысты терминологиялық аппарат жүйесі т.с.с.

Отандық музейлер ұлттық нышан, сипатына жаңа көшіп, көптеген ғылыми салалардың

қазақша атауларын енді ғана айналымға, қолданысқа ендіре бастады. Әлемдік музей ісінің тәжірибесіне сүйене отырып, отандық музей ісінің тәжірибесіне негіздеп, қазақша терминологиялық сөздікті жасауды қолға алу қажет екені сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сундиева. А.А. О базовых понятиях музейной науки. Музей. - №5, 2009г.
2. Сундиева. А.А. Профессиональный язык музейного сообщества: научные перспективы исследований. Тезисы Международной научно - практической конференции "Современный музей как важный ресурс развития города и региона". - 2008г. http://www.tatar.museum.ru/mat/4_tes_01.htm
3. Музейное дело России. - М, 2006. - С.565
4. Федеральный закон о музейном фонде РФ и музеях в РФ.-1996г.
5. Ыбрай Н. Музейлік терминдер.-Алматы, 2005
6. Положение о Государственном каталоге музейного фонда РФ.- 1998
7. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері.-Алматы, 2002